

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

мектептің педагогикалық
кеңесінде

БЕКІТЕМІН

«Қ.Аманжолов атындағы ЖББМ» КММ
директоры

хаттама № 1 24.08.2024



Оразаев М.А.

2024-2025 оқу жылына
«Қ. Аманжолов атындағы ЖББМ» КММ
әдістемелік жұмыс жоспары

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Білім беру сапасын қамтамасыз ету шарттарының бірі ретінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту».

мақсаты: білім алушыларды тиімді оқыту мен тәрбиелеу факторы ретінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Тапсырмалар:

Әдістемелік:

1. Бастауыш, орта және жалпы білім беруді, мектепті жаңа технологиялар бойынша оқытуды дамытудың менеджменті мен мониторингі жүйесін жетілдіру;
2. Педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің, мектеп әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы арқылы озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және қорыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.
3. Білім беру сапасын арттыру құралы ретінде педагогтердің әдістемелік мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.
4. Педагогикалық қызметті ақпараттық, ғылыми, консультациялық көмекпен сүйемелдеу.
5. Мектеп жұмысын жүйелі талдау негізінде оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізу.
6. Жас және жаңадан қабылданған мамандармен жұмысты әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.
7. Аттестация аралық кезеңде педагогтарды қолдау
8. Дарынды тұлғаны дамытумен қатар білімді түзетуді қажет ететін оқушылармен жұмысты ұйымдастыру, ғылыми жобалар конкурстарына, пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық конкурстарға қатысуды қамтамасыз ету;
9. "Lesson study мұғалімнің тәжірибесінде" жобасын іске асыру
10. Дарынды балалармен жұмыс тиімділігін арттыру.
11. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалануда педагогтердің кәсіби даярлығын жақсарту.
12. Мектептің әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру арқылы қазіргі жағдайда жұмыс істеу үшін педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға ықпал ету.

Әдістемелік жұмыс формалары:

- педагогикалық кеңестердің жұмысы;
- мектеп әдістемелік кеңесінің жұмысы;
- әдістемелік бірлестіктердің жұмысы;
- мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша жұмысы;
- ашық сабақтар;
- пәндік апталар;
- семинарлар;
- педагогикалық мониторинг;
- сыныптан тыс жұмыстар;
- педагог кадрларды аттестаттау, конкурстар мен конференцияларға қатысу;
- мұғалімдердің курстық дайындығын ұйымдастыру және бақылау.